

● Жастарға жігер берер, қалыпты дамуына негіз қалар, сара жолға түсуіне себепші болар дене шынықтыру даярлық клубтары әр өңірде де өз жұмысын тоқтатпауы керек.

Басты назар – балғындар спортына

дары Қазақстан Республикасы Ұлттық орталығының және футбол федерациясының мамандарымен бірлесіп, Атырау қаласындағы №16 орта мектеп базасында футболдан облыстың дене шынықтыру мұғалімдеріне арналған республикалық оқу-тәжірибелік семинар өткізіп, 210 мұғалімге сертификат берілді. Осындай бағытта гандбол, баскетбол және басқа да спорт түрлерінен оқу-



Адамның дене бітімі мен интеллектуалдық қабілеттерін дамытатын, оның қозғалыс белсенділігін жетілдіріп, саламатты өмір салтын қалыптастыруға септігін тигізетін әлеуметтік қызмет саласы – дене шынықтыру және спорт. Сонымен қатар, бұл – мәдениеттің де құрамдас бөлігі. Осы дене шынықтыру бүгінгі күні республикамыздың жалпы білім беретін мектептерінде оқу тәртібі және білім беру саласы ретінде ұсынылып, оқушылардың жеке тұлғасын үйлесімді қалыптастырудың, өмірлік маңызды қозғалыс сапаларын тәрбиелеудің негізгі базалық элементі болып табылады. Ең бастысы, оқушы денсаулығының қалыпты нығаюын кездейтін осы пән қазіргі таңда өңіріміздегі білім беру ошақтарында қандай дәрежеде жүргізіледі? Балғындардың дене бітімдеріне сай қозғалыс қажеттілігі өтеліп жүр ме?

Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінде және Америка Құрама Штаттарында біз айтып отырған дене шынықтыру пәніне ерекше көңіл бөлініп, ол елдерде оқушылардың апталық жүктемесінің көлемі 8-12 сағатты құрайды. Яғни, оқушы білім алған әр күнінде өзінің дамып, жетіліп келе жатқан тәніне қажетті қимыл-қозғалысты тиісті мөлшерде ала алады. Алайда, біздің елдегі тәнге қажетті қимыл-қозғалыс мөлшері тиісті талаптарға сәйкес келе бермейді. Әрине, біз ол жағынан көп артта қалдық. Бүгінгі күні Қазақстанда мектеп оқушылары үшін дене шынықтыруға бар болғаны 3 сағат, колледж оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері үшін 4 сағат қана бөлінеді. Осыдан-ақ, басты байлық саналатын салаға көңіл бөлу мөлшеріміздің азғағандық ететіні көрініп тұр.

Осы проблеманы шешу үшін еліміздің Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 желтоқсандағы №41 мәжілісінің хаттамасы және Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңының 15-бабы, 4-тармағы негізінде аймағымызда қалалық, аудандық білім бөлімдерінің жанынан қосымша білім беру ретінде «Балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтары» құрыла бастады. Осы арқылы оқушыларға спорттық-сауықтыру бағытындағы негізгі және қосымша білім беру аптасына 3-4 сағаттан 6 сағаттық мөлшерге дейін көбейтілді. Яғни, білім ошағындағы 3 сағаттық дене шынықтыру сабағына тағы даярлық клубының спорттық-секциялық топтарында берілетін қосымша 3 сабақ қосылды. Осылайша, оқушылардың қимыл-қозғалыс арқылы даму мүмкіндігі аз да болса артты.

Қазіргі кезде Атырау облысы бойынша жеті даярлық клубы жұмыс істейді. Олардың



екеуі Атырау қаласында қызмет көрсетсе, қалғандары Махамбет, Исатай, Құрманғазы, Жылыой, Мақат аудандарында орналасқан. Өңіріміздегі оқушылардың денсаулығын нығайтып, спорттың кең етек жаюына атсалысып отырған бұл даярлық клубтарында негізінен сол өңірдегі мектеп мұғалімдері қызмет көрсетеді. Спорттың ойын түрлерінен беретін дене дайындығының мұғалімі баскетбол, волейбол, футбол бағытынан қызмет көрсетсе, жекпе-жек түрлерінен беретін мұғалім спорттың самбо, дзюдо, қазақ күресі түрлерінен дәріс жүргізеді. Сондай-ақ, даярлық клубында спорттың техникалық түрлерінен сабақтар өтеді. Яғни, кез келген даярлық клубында робототехника, кемемодельдік, авиамодельдік бағытта дәріс алуға жағдай жасалған.

Балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтарының міндеттеріне қала, аудан әкімдіктерімен, қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшылығымен жалпы білім беретін мектептермен бірлесіп ақысыз спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу, Қазақстан Республикасының Әнұранының орындалуымен таңертеңгілік гимнастикадан бастап, спорт түрлерінен спорттық-секциялық дайындықтар жүргізу және жалпы білім беретін мектептерде әскери-патриоттық және аула клубтары, мектеп туризмін жандандыру жұмыстары да

кіреді. Яғни, мұндай клубтардың құрылуы қосымша білім беруді оңтайландыруға, қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Спорттық көрсеткіштен бұрын балалар денсаулығының дұрыс дамуын негізгі мақсат қылып алған осындай дене шынықтыру даярлық клубы қазіргі таңда, екіншіке орай, аймағымыздың ірі ауданы саналатын Индер және Қызылқоға аудандарында әлі күнге дейін ашылмай отыр. Өрімдей жастардың өркен жая дамуына селқос қарап отырған осы аудан өкілдері бұл немқұрайлылықтары арқылы талай баланың талабын тежеп, олардың қалыпты дамуына кедергі жасайды. Себебі, көп жағдайда осы мектеп қабырғасында жүріп, спортпен шұғылданған талай бала ерте жастан оқушылар арасында өткізілетін спартакиадаларда зор жетістіктерге жетіп, аймақтың, елінің атын көпшілікке танытып жүр. Жеңіспен қанаттанған көптеген жасөспірім одан әрі сан түрлі байрақты бәсекелерде еліміздің абыройын асқақтатты.

Мұндай клубтарды ашудың не үшін қажеттілігін тағы да тереңірек түсіндіре кетелік: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығының спорттық-бұқаралық іс-шараларының күнтізбелік жоспарын мемлекеттік бағдарламаға сәйкес орындау



механизмі Атырау облысында, сондай-ақ, республиканың басқа облыстарында бірінші кезең – мектепшілік, екінші кезең – топтық (Атырау қаласының 57 жалпы білім беретін мектептері орналасқан аумағына байланысты 8 топқа 6-7 мектептен бөлінеді), үшінші – қалалық, аудандық кезеңдеріне дейін даярлық клубтары өткізіп, жеңімпаз командаларды облыстық төртінші кезеңге қатыстырады. Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы төртінші облыстық кезеңді спорт түрлері бойынша өткізіп, облыстың жеңімпаз құрама командаларын республикалық бесінші кезеңге дайындап қатыстыруы тиіс. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы бесінші республикалық кезеңнен шыққан жеңімпаздарды дүниежүзілік оқушылардың гимназиадасына, студенттердің универсиадасына және тағы басқа халықаралық жарыстарға қатысуына ықпал жасайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы №401 бұйрығына сәйкес, Республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 5-11 сыныптарында, соның ішінде Атырау облысының 46 мектебінде футболдан әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес дене шынықтырудың әр үшінші сағаты – «Футбол сабағы» сынақтан өтуде. 2019 оқу жылының басында аймақтық орталықтың маман-

тәжірибелік семинарлар өткізу жоспарлануда.

Балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлық клубтары толыққанды, тиімді жұмыс істеуі үшін Атырау облысының әр жалпы білім беретін мектептерінде спорт түрлері бойынша дене дайындығы мұғалімдерінің саны үш штаттық бірліктен кем емес болуы керек, спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, оқушылардың, оның ішінде дене мүмкіндіктері шектеулі балалардың спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысуы үшін қаржыландыруды ұлғайту қажет.

Спорттағы негізгі шың – Олимпиаданы өрімдей шағында бағындырған Бекзат Саттарханов, Илья Ильиндер, өзіміздің арамздан шығып, өз өнерлерімен талайды тамсандырған Пекин Олимпиадасының қола жүлдегері Арман Шырманов, қаракөз қызымыз Лия Нуркина, қос Олимпиадаға қатысқан Ринат Ибрагимовтер осындай мектеп спартакиадаларында шыңдалып шықпа па еді?! Ендеше, жастарға жігер берер, қалыпты дамуына негіз қалар, сара жолға түсуіне себепші болар дене шынықтыру даярлық клубтары әр өңірде де өз жұмысын тоқтатпауы керек. Керісінше, өркен жайып дами түсуі керек. Себебі, бала – біздің болашағымыз. Ал, болашақ бүгіннен басталды.

Сәдіржан ЖЕКЕНОВ,
Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты